Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б.83

АВТОМОБИЛЬДЕРДІҢ НЕГІЗГІ АГРЕГАТТАРЫ МЕН ТОРАПТАРЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ- ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН САРАПТАУ

Тастанбекова Б., Мұратов И.

Техникалық күйін анықтау – машинаның, жабдықтардың ақауларын табу және іздеуге негізделген теория, тәсілдер мен жабдықтар, аспаптар туралы ғылыми техникалық білімдер саласы. Ақауларды табу және іздеу – объектінің техникалық жағдайын анықтайтын үрдіс, басқаша айтқанда «диагностикалау». Күй анықтау машинаның техникалық қызмет көрсету еңбек сыйымдылығын, пайдалану шығындарын төмендетуге және жұмыс сапасын жоғарылатуға бағытталған. Осындай жағдайлар машинаны бөлшектемей бағалау нәтижелерімен сипатталады. Күй анықтауды қойғаннан кейін автомобильдің техникалық күйі өзгермейді.

Күй анықтаудың негізгі түрлері:

- Машинаның (автомобильдің) немесе оның құрама бөліктерінің жұмыс қабілеттігін тексеру;
- Ақауларды іздеу;
- Құрама бөліктердің қалдық қорын болжамдауға қажет деректерді жинау;
- Күй анықтаудың нәтижесі арқасында техникалық қызмет жұмыстарының түрі, көлемі және мерзімі туралы нұсқаулар беру;

Техникалық күйін анықтаудың тәртіптері. Бірінші түрі – техникалық күйін анықтаудың функционалдық тәртібі. Автомобильді, қозғалтқышты стендте сынағанда жүзеге асады.

Екінші түрі – техникалық күйін тест арқылы анықтау тәртібі.

Үшінші түрі – аралас тәртіп бойынша техникалық күйін анықтау.

Техникалық күйін анықтаудың белгілері.

1- топ. Бақылауға машинаның немесе түйіннің шықпа өлшем шамалары алынады. Осы өлшем шамалар әдетте техникалық шарты бойынша машинаның жұмысқа жарамдылығын анықтайды.

2- топ. Бақылауға бұйымды істен шығаратын не болмаса істен шығаруы мүмкін зақымданулар алынады.

3- топ. Бұйымның жұмысқа жарамдылығы жанама белгілермен бақыланады. Себебі, тікелей шықпа өлшем шамаларын өлшеу қиынға соғады.

Техникалық күйін анықтайтын өлшем шамалар:

- жұмыс үдерісінің өлшем шамалары (қуат, тежеу жолы, жанармай шығыны);
- ілеспелі үдерісінің өлшем шамалары (шу, діріл);
- геометриялық шамалар (саңылаулар, солқылдар).

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент А.З. Жалғасбеков